



# Ақмешіт

16 қыркүйек  
сейсенбі  
№70 (2183)  
2025 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы



### АРАЛДЫ САҚТАУҒА ЖАҢА СЕРПІН: Жолдаудағы басымдықтар, жоспарлар және нәтижелер

2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экология және су ресурстары мәселелеріне айрықша көңіл бөліп, Арал теңізінің ахуалы туралы да маңызды тоқталып өтті. Ел Президентінің сөзінше, осы кешенді жұмыстың нәтижесінде Солтүстік Аралды сақтап қалу мүмкін болды. Ол Аралды толтыру жұмыстары әлі де қарқынды жалғаса беруі қажет екенін ерекше атап өтті. Арал трагедиясынан қорытынды шығарылып, сол қателікті түзету жолында мемлекет ұзақ мерзімді күш салып жатқанын баса көрсетіп, бұл істі тоқтатпауға үндеді.

Мемлекет басшысы Арал теңізін қалпына келтіруді позитивті мысал ретінде келтірді.

– Әрине, теңіздің тартылуы Қазақстан үшін үлкен қасірет болды. Бірақ одан қорытынды жасалып, теңізді қалпына келтіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл кешенді жұмыс 20 жылдан

астам уақыт бойы үздіксіз жалғасуда. Соның арқасында Солтүстік Аралды сақтап қалдық. Оның айдыны 36 пайызға ұлғайып, су көлемі екі есе өсті. Су құрамындағы тұздың мөлшері екі есе азайды. Бірақ Аралды толтыру жұмысы қарқынды жалғаса беруі қажет, – деді Президент.

Президенттің осы жолдауда айтқандары Арал проблемасын шешу жолында мемлекетке жаңа міндеттер жүктеп, қоғам назарын тағы да теңіз тағдырына аударды. Экологиялық апат салдарын еңсеру – бүкіл халықтың ортақ міндеті екені жолдаудағы басым бағыттың бірі болды.

3-БЕТТЕ

#### ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

### КӘСІП ӨЗІҢЕ ДЕ, ЕЛГЕ ДЕ ПАЙДАЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК



Айжан Берлібекқызы шұжық өндірісін осыдан бір жыл бұрын ғана қолға алған. Осы аз ғана уақыт ішінде ол сұранысқа сай өнім де шығарды, екі адамды жұмыспен қамтып та үлгерді. Іскер келіншек бүгінде дамудың даңғыл жолына шыққан. Оның тұтынушылары да таза, табиғи өнімге жиі тапсырыс береді.

Бір данышпан «Өлемді, жерді жап-жарық етіп отыратын екі нәрсе бар. Біреуі – күн, екіншісі – әйел» депті. Расында, дүниеге ұрпақ әкеліп, баласының жай-күйін жасайтын сол нәзікжандылар бүгінде қоғамның қайсыбір саласында да өздерінің жарқын тұстарын көрсетіп жүр. Сондай қайсар жанның бірі – Айжан Берлібекқызы.

Айжанның бір жыл бұрын қолға алған кәсібі қазір әжептәуір танылып қалған. Расында кәсіптің көзін тауып, көш ілгері жүретін адамдардың идеясы мықты келетіні рас. Кәсіпкер креативті ойлай білгенінің, үздіксіз еңбектенуінің нәтижесінде қаланың шаңхай бөлігіндегі өз үйінің ауласында шұжық өндіретін цех ашты. Осылайша кәсіпкер 2 адамды жұмыспен қамтыды.

2-БЕТТЕ



Рамазан ТАЙМАНОВ,  
композитор:

«МЕН ҚАЗАҚ  
ҚЫЗДАРЫНА  
ҚАЙРАН ҚАЛАМ»  
ТАҚЫРЫБЫНДА  
АНАЛАРҒА  
ЕСКЕРТКІШ  
ОРНАТЫЛСА  
ДЕЙМІН

4

### Жаңа идеялар алаңы – Decentrathon 4.0

Қазақстанда жастардың шығармашылығы мен технологиялық әлеуетін ұштастыратын ең ірі офлайн-хакатон – Decentrathon 4.0 өтті. Бұл бірегей шара бір мезетте еліміздің 20 қаласында ұйымдастырылды. Ауқымды жобаға 2500-ден астам қатысушы өз бағын сынады. Мұндай деңгейдегі басқосу жас таланттардың тың идеяларының туындауына серпін бермек. Ауқымды іс-шара Blockchain, AI Technology Center, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен өтуде. Хакатонның алғашқы күні Web 3.0 және блокчейн технологияларына арналды.

Decentrathon 4.0-дің негізгі мақсаты – жастарды жаңа технологияларға тарту, Web3.0, Blockchain және жасанды интеллект (AI) бағыттарында тың идеяларды қолдау және болашақ цифрлық шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік жасау. Бұл алаңда қатысушылар тек қана бәсекеге түсіп қана қоймай, тәжірибелі менторлардан кеңес алып, өз

жобаларын салалық сарапшыларға ұсынады. Қызылордадағы алғашқы күн – Solana Day powered by Decentrathon ерекше форматта өтті. Solana – әлемдегі ең жылдам әрі тез дамыған блокчейн желілерінің бірі. Ол әзірлеушілерге, стартаптарға және компанияларға шексіз мүмкіндіктер ашады. Solana

децентрализован қосымшалардан бастап DeFi мен NFT платформаларына дейін жаңа буын өнімдерін жасауға мүмкіндік береді.

– Бүгін біз республикалық деңгейдегі маңызды іс-шараға куә болып отырмыз. Decentrathon – әлемдегі ең ірі хакатондардың бірі десек қателеспейміз. Үш күн қатарынан жастар үш ірі компанияның кейстерін орын-



дайды. Алғашқы күні блокчейн технологияларымен жұмыс істесе, одан кейінгі кезеңде «Банк ЦентрКредит» АҚ, BCC-Hub мансап орталығы, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі InDrive IT-компаниясының арнайы тапсырмаларын жасайды. Бұл жоба жас таланттарға жол ашып қана қоймай, жаңа технологияларды игеруге, тың идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, – дейді «Kyzylorda Hub» жетекшісі Жанарыс Түбекбаев.

InDrive трегінің тапсырмасы – суреттерді талдау арқылы сервисің сапасы мен сенімділігін арттыруға көмектесетін шешімді әзірлеу. Жүлде қоры – 10 000 000 теңге. Мәселен, BCC-HUB AI трегінің тапсырмалары – банк үшін жасанды интеллект шешімдерін дайындауға бағытталған. Қатысушылар клиенттермен өзара әрекеттесуді жақсартуға, процестерді жеделдетіп, онлайнға және қызметкерлерді рутиналық жұмыстан босатуға арналған жобалар әзірлейді. Жүлде қоры – 5 000 000 теңге.

Хакатонға қатысушылар команда құрып, нақты кейстермен жұмыс істейді. Менторлардың қолдауымен жасалған жобалар салалық сарапшыларға ұсынылады. Үздік деп танылған командалар Қазақстандағы ең басты технологиялық алаң – Digital Bridge – 2025 халықаралық конференциясында өз жобаларын әлеуетті инвесторлар мен серіктестерге таныстыру құқығына ие болады.

2-БЕТТЕ



– Мен бұл жобаға төртінші жыл қатарынан қатысып жүрмін. Decentrathon – мазмұнды хакатондардың бірі. Мұнда біз өзіміз білмейтін жаңа қырларды ашамыз. Тың идеяға толы орта. Кіл мықтылар, ойға жүйрік жастар бас қосқан. Сонымен қатар бұл жобаның ерекшелігі бір орында тұрмай, жыл

Басы 1-бетте

# Жаңа идеялар алаңы – Decentrathon 4.0

сайын жаңа бағыттарда жұмыс істейді. Әр жыл сайын жаңа өзгерістерді талап етеді. Осы орайда банктік жүйелерді жетілдіруге арналған тапсырмаларды да орындадық. Бұл біз үшін үлкен тәжірибе алаңы болды, – дейді студент Бекмұхаммед Айтбай.

Decentrathon 4.0 аясында Қызылордада 40 топ, 109 қатысушы бак сынады. Хакатон қатысушылары 2 трек бойынша өз идеяларын жобалап, дайын өнімге дейін жеткізуге тырысты.

Decentrathon бұған дейін үш рет сәтті ұйымдастырылып, еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған жас мамандарды біріктірді. Ал төртінші маусымда жоба бұрынғыдан да ауқымды. Бұл – Қазақстанның цифрлық болашағын қалыптастыруға жастар үшін жаңа мүмкіндіктер мен жарқын идеялардың бастауы.

Хакатонға қатысушылар тек бағдарламалау саласында ғана емес, бизнес-идея, маркетинг, қаржылық сауаттылық, жобаны басқару сияқты бағыттарда да білімін шынайды. Мұндай кешенді тәжірибе – болашақ IT-кәсіпкерлер мен стартапшыларға берілген таптырмас мүмкіндік. Жаңа ғасырдың басты қаруы – білім мен технология. Decentrathon 4.0 – сол мүмкіндікті пайдалануға жол ашатын алтын көпір.

Айдана БАХТИЯР



## КӘСІП ӨЗІҢЕ ДЕ, ЕЛГЕ ДЕ ПАЙДАЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК



– Оңай жерден пайда таба-мын деген адам қателеседі. Қай кәсіпті де бастау үшін биік мақсат, күн сайынғы ізденіс керек. Шұжық шығарудың жаңа технологиясын меңгеріп, өзім армандаған құрылғыны алдым. Қазір белсенді, еңбеккор адамға жұмыстың түрі көп. Мәселен, ұмытылып бара жатқан қойдың бүйініне салынған етке «батыр» деген атау бердік. Расында, ет жемесе түсіне кіретін қазақ халқы ет өнімдеріне келгенде тазалыққа, ұқыптылыққа, сапасы мен құрамына қатты мән береді. Тауық етінен жасалған сосисканы балаларға қуырып таңғы асқа беруге болады. Түйетауықтың етінен де істейміз. Оның етінің құрамындағы мелотонин аутизммен ауыратын балалардың ұйқысын жөндесе, серотонин көңіл күйін көтереді. Көбіне шұжықты жылқы етінен жасаймыз. Кейде тапсырыс берсе, қойдың, сиырдың етін де пайдаланамыз. Жылқының жаясы, тауықтың төс еті, чили шұжығы, үйректің төс еті, жылқыдан сервелат, «аңшы шұжығы», жылқының жаясын майын қосып істейтін «батыр» шұжығы бүгінде сұранысқа ие. «Батыр» шұжығының салмағы 9-10 келі тартады, – дейді кәсіпкер.

Айжанның ет өнімдерін көбіне кафелер алады. Қала аумағында мал бордақылау ісімен айналысатындар көп. Шикізаттан мәселе жоқ, тек күн сайын ет бағасының қымбаттап жатқаны болмаса...

Басы 1-бетте

## ТӘРБИЕШІ ТӘЛІМІ – БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ БАСПАЛДАҒЫ

**Баланың өмірге көзқарасы, мінезі мен болашағы ең алдымен отбасында қалыптасады. Ал сол тәрбиенің жалғасы мен дамуына тікелей ықпал ететін – балабақша тәрбиешісі. Балабақша – баланың үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамы. Бұл ортада олар өзге балалармен тіл табысуды, қарым-қатынас жасауды, өз ойы мен пікірін білдіруді үйренеді. Осындай кезеңде тәрбиешінің рөлі өте маңызды.**

Мен №2 «Бөбек» санаториялық бөбекжай балабақшасының тәрбиешісімін. Баламен жұмыс істеу – жай ғана еңбек емес, бұл – үлкен жауапкершілік пен шексіз махаббатты қажет ететін өмірлік жол. Күнде таңертен есіктен кіріп келген әрбір бүлдіршінің бал тілі мен тәтті қылығын көру, баланың шексіз шынайылығын сезіну жүрекке жылулық сыйлайды. Әр бала – өз алдына бір әлем. Ол

әлемге тек мейіріммен, сабырмен және шынайы ықыласпен ғана енуге болады. Балабақшада әр күн қуаныш пен ізденіске толы. Біз тек сабақ өткізіп қоймай, ойын арқылы дамытып, сөйлеу арқылы ойлануға үйретеміз. Тәрбиені мейіріммен беруге тырысамыз. Балақайлардың әрбір жетістігі – еңбегіміздің нәтижесі. Тәрбиеші болу – жүрек қалауымен келетін мамандық. Бұл мамандықты таңдаған адам бойын-

да сабыр, төзімділік, жауапкершілік пен шексіз махаббат болуы тиіс.

Әр бала – жеке тұлға. Оның қабілеті мен мінез-құлқы әртүрлі. Осы ерекшелікті ескеріп, әр балаға жеке көзқараспен қарау – тәрбиешінің басты міндеті. Кейде тәрбиешінің бір ғана жылы сөзі, мейірімді көзқарасы баланың жанын жадыратады. Ол өзін бағалай, керекті, маңызды сезінеді. Тәрбиеші – тек маман емес, бала жанының емшісі. Ол – бала болашағына салынған іргетастың негізін қалаушы. Сондықтан тәрбиеші болу – үлкен мәртебе, әрі жауапты іс.

**Жазира ІЗТАЕВА,**  
**№2 «Бөбек» санаториялық бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі**

**Сонау ықылам заманнан бері бабаларымыз шаңырақты шайқалтпай, отбасыны ыдыратпай, ұрпақ сүйді, іргелі ел болды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Некелесу – менің сүннетім. Кімде-кім сүннетімді орындамаса (бас тартса), менен емес. Үйленіңдер. Өйткені мен қиямет күні өзге үмбеттердің алдында сендердің көптіктеріңді мақтан етемін», – деп айтқан. Отбасының бақытына, шаңырақтың шаттығына, берекенің бастауына, татулықтың тұрақтылығына бастайтын бірнеше құндылықтарды сөз ете кетсек...**

Отбасы – шағын мемлекет. Отанның іргесі сол отбасы мүшелерінен құралады. Жарасымдылыққа құрылған отбасыда бақыт пен береке орнығады. Әлдилеген сәбидің күлкісі, тәрбиелі ұрпақтың өнегесі көрініс береді. Ислам дінін берік ұстанған халқымыз ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбере сүйіп, Алланың бергеніне шүкіршілік етіп ғұмыр кешіп келеді. Мұның басты сыры – ақ

Бырлдасар, таласар», – деп қандай жеткізіп айтқан.

«Блдас-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген өмірлік тәжірибеден алған сөз бар. Расында солай. Кісі баласының кемшілігі, ашуға бой алдыратын кезеңі болады. Кемшіліксіз пенде болмайды. Өйтсе де, ерлі-зайыпты арасында аз-кем ашу-реніш туындап жатса, бір-біріне оң көзқарас танытып, ашу сәтін жеңе білуі тиіс.

Ұрпақтан опық жемеудің жолына үндеуде. Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген екен. Бесіктегі сәбиінің тәрбиесіне мән бермеген ата-ана ертеңгі күні өзіне де, отанына да зиянын әкеледі. Мына гибратты оқиға осыны еске салғандай.

Хазіреті Омардың (Алла оған разы болсын) халифалығы кезінде бір адам оған баласын ертіп келіп: «Уа, мұсылмандардың әміршісі! Мынау менің ұлым. Өзіме қарсы шығып, жапа шектірді», – деп шағымданады. Омар балаға қарап: «Қудайдан қорықпайсың ба? Баланың әкешесіне қарсы шыққанын кімнен көрдің? Ата-ананың ақысын білмеуші ме едің?» – деп ұрсады. Бала еш қаймықтастан: «Мүміндердің әміршісі, сіздің айтып тұрғаныңыз әке-шешенің ақысы. Ал, баланың ата-анасында ешқандай ақысы жоқ



некені құрметтеп, отбасыны бағалап, құндылықтарды сақтаудан тұрады. Тереңге ой жүгіртсек, отбасыда тату-тәтті өмір сүрудің тетігі исламдағы отбасы құндылығын, имандылық қасиеттерді жақсы білумен келеді.

Әрбір жас шаңырақ иелері әуелі ақ неке қиганнан бастап, өзара сүйіспеншілік пен түсіністікті әрі сыйластықты алдымен қалыптастыра түсуі қажет. Алла Тағала «Рум» сүресінің 21-аятында: «Сендер үшін жұбайлар жаратып, араларыңа махаббат пен мейірімділік сезімін ұялатты. Ойланатын қауым үшін айқын дәлелдер мен гибрат бар», – деп баян еткен. Аталған аят отбасылы жандар арасында сүйіспеншілікпен бірге мейірімнің биік түру керектігін аңғартады.

Мұсылман адам өзіне Пайғамбар өмірін өнеге тұтады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамзатқа үлгі етіп жіберілген жан. Соның бірі отбасылық өмірде ер азаматтың орнын бізге үлгі етіп көрсетеді. Сахабаларына отбасы мүшелерімен әрдайым жақсы мәміледе болуға насихат еткен. Алланың берген аманатына, яғни жаңуа мүшелеріне мейірімділік көрсетіп, оларға көркем түрде қарым-қатынас жасауды айтатын болған. Бір хадисте: «Сендердің ең жақсыларың әйелдеріңмен жақсы қарым-қатынаста болғандырың», – деген (имам Термизи).

Ері әйелін құрметтесе, әйелі ерін ардақтап сыйласа, ондай шаңыраққа Алланың нұры, берекеті түседі. Дана халқымыз:

«Екі жақсы қосылса,  
Ай мен күндей жарасар.  
Екі жаман қосылса,

Бұл жақсы адамның сипаты. Кешірімді болу иманды жанның көрінісі. «Жақсы адамның ашуы – шәй орамал кепкенше» деген екен бабаларымыз. Жақсы адамда кек тұрмайды. Отбасы арасындағы өкпе-назды ұмыттыратын ең жақсы қасиет – кешірімділік. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қандай да бір мұсылманның өз бауырына үш күннен артық ренжуі дұрыс емес», – деген. Отбасыға ең керек құндылық өзара кешірімді бола білу.

Із ерлі-зайыпты арасында мейірім орнықса, кешірімді болу басты қағидатына айналса, ондай отбасыда жақсы ұрпақ тәрбиеленеді. Отбасы құндылығының ең бастысы – дүниеге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеп өсіру. Ұлылардан жеткен сөздің бірінде: «Балаңды тәрбиелеме, алдымен өзіңді түзе. Балаң саған қарап бой түзейді», – делінген екен.

Әр ата-ана бала-шағам бақытты болса екен, үбірлі-шүбірлі болсам деп аңсайды, армандайды, мақсат етеді. Қазақ халқында екі жас үйленсе, ең әуелі үлкендерден бата алып беру дәстүрі бар. Ақсақалды қариядай, ақжаулықты әжедей олар да өсіп-өңсін дегені гой. Ата-ана міндеті дүниеге әкелген ұрпағына жақсы тәрбие беруге міндеттеледі. Тәрбиесіз өскен ұрпақ әке-шешесін ұятқа қалдырып, жүзін жерге қаратады. Мұның алдын алу үшін халқымыз ықылым кезеңнен ұрпақ тәрбиесіне аса ден қойған. Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастардан болған оттан (тозақтан) құтқарыңдар», – делінген («Тахрим» сүресі, 6-аят). Бұл аят үлкен жүк артып отыр.

па?» – деп сұрайды. Омар: «Иә, ата-ананың мойнында баланың да ақысы бар. Ең әуелі үйленерде баласына ана болатын жақсы жар таңдауы тиіс. Тәрбиесіз қызға үйленсе, болашақта туылатын балаға қиянат жасаған болады. Баласы туылғанда, оған жақсы ат қоюы керек. Сосын ес білгенде, оған Алланың кітабы Құранды үйрету қажет», – деп санамалап береді. Мұны естіген бала: «Уа, мұсылмандардың әміршісі! Әкем жоғарыдағы айтқандарыңыздың ешбірін орындаған жоқ. Біріншіден, менің анамды құл базардан сатып алған. Оның өткен өмірі белгісіз. Екіншіден, маған қара қоныз деген мағына білдіретін «Жуал» деген нақұрыс ат қойған. Үшіншіден, Құраннан бір әріп те үйретпеді», – деп өз уәжін айтады. Омар баланың әкесіне бұрылып: «Баланың қиянат жасағанын айтып шағымданаңыз. Негізінде, сен оған қиянат жасағаның. Енді амал жоқ. Бар жолыңды тап», – деп шығарып салған екен.

Отбасы құндылығын арттыратын және бір дүние – ерлі-зайыптылар бір-біріне сый жасап, көңіл-күйлерін көтеріп жүру. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бір-бірлеріне сыйлық берілдер, бір-бірінді жақсы көретін боласыңдар», – деген. Адамның бір-біріне жылы сөз айтуы бұл үлкен құрмет болып табылады. Ал кішкентай ғана сыйдың өзі көңілді қуантады, ардадағы өкпе-ренішті жояды. Міне осы аталған құндылықтарға мән берсе, ондай отбасы бақыт мекеніне айналады. Түтіні түзу шығып, шаңырақ шайқалмайды. Балалар бақытты ғұмыр кешеді.

**Қайырбек ОТЫЗБАЕВ,**  
**Қызылорда қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы**



